

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы математика бірлестігінің оқытылуы мен білім сапасы туралы анықтама

Математика бірлестігі бойынша 7 мұғалім жұмыс жасайды. Барлығы да жоғары білімді ұстаздар. Олардың 1-уі зерттеуші, 4-уі сарапшы, 1-уі модератор және 1-уі санатсыз.

Биылғы 2023-2024 оқу жылының барысында математика бірлестігі жоспарға сай жұмыстар атқарды. Пәндер бойынша күнтізбелік жоспарлар жасалынып, бекітілді. Сонымен қатар пән бойынша бжб, тжб алу графигі құрылып, уақытылы алынды және де уақытылы сараптама жасалып, қорытындысы шығып отырды.

2023-2024 оқу жылында пән мұғалімдері мен оқушыларының жетістіктері:

Аудандық оқушылар арасындағы пәндік олимпиададан математика пәні бойынша 6 - сынып оқушысы Бердуақас Аруназ 2- орын, жетекшісі Жуматаева Марина;

Математика пәнінен 11-сынып оқушылары арасында өткен «Алтын түлек» олимпиадасы бойынша Құлтасқызы Қарақат 2-орын иеленді, жетекшісі Жуматаева Марина;

Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 6-сынып оқушысы Есенжол Әсемай алғыс хатпен марапатталды, жетекшісі Жуматаева Марина;

Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 6-сынып оқушысы Бердуақас Аруназ 2-орын иеленді, жетекшісі Жуматаева Марина;

Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 5-сынып оқушысы Далабай Саяди алғыс хатпен марапатталды, жетекшісі Алтаева Айгерім;

Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 5-сынып оқушысы Алмас Рамазан 2-орын иеленді, жетекшісі Алтаева Айгерім;

Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 5-сынып оқушысы Алимжан Айсезім 3-орын иеленді, жетекшісі Алтаева Айгерім;

«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсы бойынша 11-сынып оқушысы Құлтасқызы Қарақат 1-орын, жетекшісі Жуматаева Марина;

«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсы бойынша 7-сынып оқушысы Тұрсын Ұласар 1-орын, жетекшісі Жуматаева Марина;

«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсы бойынша 6-сынып оқушысы Маханбет Абзал 2-орын, жетекшісі Жуматаева Марина;

«Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсы бойынша 7-сынып оқушысы Ешмақ Елнұр 1-орын, жетекшісі Еспаева Гүлзат;

Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсы бойынша 7-сынып оқушысы Қыдырәлі Мейірлан 1-орын, жетекшісі Кентербаева Мөлдір;

Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсы бойынша 7-сынып оқушысы Шекербек Алмат 1-орын, жетекшісі Тажиева Мақпал;

Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Кенгуру» ойын-конкурсы бойынша 7-сынып оқушысы Сүйгенбай Бекназар 1-орын, жетекшісі Алтаева Айгерім;

Созақ ауданының математика пәні бойынша І-тоқсан білім сапасы, мектептер (5-9 сыныптар) бойынша.

ББМ атауы	Мектеп		Оқушы	Үлгерімі					Орташа балл	Үлгерім %	Біл. сап. %
	қала (1)	ауыл (1)		"5"	"4"	"3"	"2"	Қорытылмаған оқушы			
Сүгір Әліұлы		1	316	44	108	163		1	3,6	100%	48

Ескерту: Бүркіт Динара үйден оқиды

Созақ ауданының математика пәні бойынша І-тоқсан білім сапасы, мектептер бойынша. 10-11 сыныптар

ББМ атауы	Мектеп		Оқушы	Үлгерімі					Орташа балл	Үлгерім %	Біл. сап. %
	қала (1)	ауыл (1)		"5"	"4"	"3"	"2"	Қорытылмаған оқушы			
Сүгір Әліұлы		1	80	9	30	41			3,6	100%	48

Созақ ауданының математика пәні бойынша І-тоқсан білім сапасы, мектептер бойынша. Бітіруші 9 сынып

ББМ атауы	Мектеп		Оқушы	Үлгерімі					Орташа балл	Үлгерім %	Біл. сап. %
	қала (1)	ауыл (1)		"5"	"4"	"3"	"2"	Қорытылмаған оқушы			
Сүгір Әліұлы		1	59	8	21	30			3,6	100%	49

**Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің математика пәнінің
2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсан бойынша оқу үлгерімінің қорытындысы**

№	Мектебі	Сыныбы	5	6	7	8	9	5-9 сынып	10Ж МБ	10 ҚҒБ	11 ЖМБ	11 ҚҒБ	10-11 сынып	Барлығы	
	С.Әліұлы	Барлығы	58	72	62	68	60	320	31	19	13	18	81	401	
		"5"	14	10	9	7	9	49	4	3	2	1	10	59	
		"4"	20	22	18	28	20	108	11	7	6	9	33	141	
		"3"	24	40	34	33	31	162	16	9	5	8	38	200	
		"2"													
		Үлгерімі %	100%	100%	98%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
		Сапасы %	41%	44%	44%	51%	48%	49%	48%	53%	62%	55%	53,0%	50,0%	

Ескерту: Бүркіт Динара үйден оқиды

**Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінің математика пәнінің
2023-2024 оқу жылының ІІІ тоқсан бойынша оқу үлгерімінің қорытындысы**

№	Мектебі	Сыныбы	5	6	7	8	9	5-9 сынып	10Ж МБ	10 ҚҒБ	11 ЖМБ	11 ҚҒБ	10-11 сынып	Барлығы	
	С.Әліұлы	Барлығы	58	73	61	68	61	321	31	19	13	18	81	402	
		"5"	14	10	9	8	9	50	4	3	2	3	12	62	
		"4"	21	25	20	32	19	117	10	7	6	7	30	147	
		"3"	23	38	31	28	32	152	17	9	5	8	39	191	
		"2"													
		Үлгерімі %	100%	100%	98%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
		Сапасы %	60%	48%	48%	59%	47%	52%	45%	53%	62%	56%	52,0%	52,0%	

Ескерту: Бүркіт Динара үйден оқиды

Әбдразақ Айдын денсаулығына байланысты қорытылмады.

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің математика пәнінің 2023-2024 оқу жылының IV тоқсаны бойынша оқу үлгерімінің қорытындысы

Мектебі	Сыныбы	5	6	7	8	9	5-9 сынып	10 ЖМБ	10 ҚГБ	11 ЖМБ	11 ҚГБ	10-11 сынып	Барлығы
С. Әліұлы	Барлығы	58	73	62	68	61	322	31	19	13	18	81	403
	"5"	17	10	9	7	9	52	7	3	4	3	17	69
	"4"	18	32	21	30	23	124	7	8	5	8	28	152
	"3"	23	31	31	31	29	145	17	8	4	7	36	181
	"2"												
	Үлгерімі %	100%	100%	98%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%
	Сапасы %	60%	58%	48%	54%	52%	55%	45%	58%	70%	61%	58,5%	56,6%

Ескерту: Бүркіт Динара үйден оқиды.

22.01-26.01.2024 ж. аралығында Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беру мекемесінде «Әлем математика тілімен бейнеленген» тақырыбында математика пән апталығы өткізілді

22-қаңтар күні апталықтың ашылу салтанаты өткізілді. Оқушылар мен ұстаздар жаңылтпаш айтты, әртүрлі жұмбақтар мен логикалық есептер шешіп, шағын тәттілер алды.

11 – сыныптар арасында үлкен қоңырауда дойбы сайысы өтті.

Нұрханов Ердаулет, 23-қаңтар күні 7 «А» сыныбымен «Қысқаша көбейту формулалары» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ жоспары өте керемет құрылған, оқушылардың қызығушылығын оятатындай етіп тапсырмалар құрылған. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Тапсырмаларды оқушылардың білім деңгейіне байланысты үш деңгейлі етіп құрастырған. Сабақ этаптары сақталды. Оқушылар бағалау парағы арқылы бағаланды. Оқушылар жұппен, топпен жұмыс жасады. Кері байланыс жасалды, сабақ мақсатына жетті. Мұғалімнің өзін ұстауы, оқушылармен қарым қатынасы жоғары деңгейде. Ұсыныс: пәнаралық байланыс жасау, өмірмен байланысын көрсету.

Апталықтың екінші күні 11 «Ә» сыныбында, 10³⁵-11²⁰ уақыт аралығында «Логарифмдік функция, оның графигі және қасиеттері» тақырыбында Жуматаева Марина ашық сабақ өтті. Оқушыларға бағалау парақшалары таратылып берілді. Оқушылардан «Додекаэдр» әдісі арқылы үй тапсырмасы сұралып, тексерілді. «Тура кілтті тап? » әдісі арқылы, әр құлыпты ашу үшін есептерді жұппен шығарып, әр дұрыс жауабы бойынша сәйкес кілтті тауып, дұрыс жауаппен сәйкестендіріп, жұптарын бағалап шықты. Топпен жұмыс орындалды. Сабақты бекіту мақсатында «Plickers» әдісі арқылы оқушылар тест тапсырмаларын орындап, кюар код арқылы тексеріп, дұрыс жауабы интербелсенді тақтадан көрсетілді. Әр тапсырмадан соң оқушылар өздерін бағалап отырды. Сабақты

қорытындылап, оқушылар бағаланып, үй тапсырмасы берілді. Сабақ өз мақсатына жете алды.

Үлкен үзілісте 7-11 сыныптар арасында «Математика – ақыл ойдың гимнастикасы» кубик-рубик құрастыру сайысы өтті. Сайыстың нәтижесі бойынша 55 секундта құраған 8 «Ә» сынып оқушысы Махсут Ясин I орынды иемденсе, 1 мин құраған Қадір Саят II орынды және 11 «А» сынып оқушысы Мұса Біржан III орындарға ие болды.

Кентербаева Мөлдір 23-қаңтар күні 14¹⁰-14⁵⁵ уақыт аралығында 6 «Ә» сыныбында «Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабағы жүйелі жоспарланған, жыл мезгілдері арқылы топқа бөлді. Үй тапсырмасын графикалық диктант арқылы интербелсенді тақтада тексеріп, бағалау үшін қағаздан жасалған монеталар таратты. Оқулықпен жеке жұмыс болды. Сергіту сәтінде тақырыпқа байланысты жұмбақ жасырылып, оқушылар шешімін тауып отырды. Функционалдық сауаттылыққа байланысты ермексазды ондық бөлшектерге бөлгізіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сабақты қорытындылау мақсатында «математикалық диктант» алынды. Сабақ өз мақсатына жетті.

Апталықтың үшінші күні Тажиева Мақпал 9 «Ә» сыныбына «Тригонометрия формулалары» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Мұғалім ұйымдастыру барысында оқушыларды шамалардың мәндері арқылы топқа бөлді, алдыңғы алған білімдерін жинақтау мақсатында үй тапсырмасын интербелсенді тақтаның көмегімен тексеріп, бағалау парақшасы арқылы әр оқушы өздерін бағалап отырды. Интербелсенді тақтадан жаңа сабаққа түсіндірулер көрсетіп, жаңа сабақ мақсатын анықтады. Жеке жұмыс жүргізілді және ұжымдық жұмыс жүргізді. Мұғалім өз мақсатына жете алды. Сабақ соңында оқушылар өзін-өзі бағалап, кері байланыс жасалынды.

Еспаева Гүлзат 24-қаңтар күні 8 «Ә» сыныбына «Квадраттық функция және оның графигі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақты ұйымдастыру барысында Үй тапсырмасын пысықтау мақсатында, жеке оқушымен жұмыс жасалып, сұрақтарды жеке-жеке әр оқушы ашып көріп, сұрақтарға жауап берді. Оқушылар екі топқа бөлінді. Мұғалім интербелсенді тақтадан сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстырды, оқулықпен, дәптермен жұмыс жасады. Оқушылар жаңа сабақты топтар арасында талқылады. Топтық жұмыста өткен және жаңа сабақты ұштастыра отырып берілген сұраққа жазбаша жауап берді. Оқушылар тапсырманы белсенді, өз уақытында жасап үлгерді. Сергіту сәтіне параболаның өмірде кездесуі туралы сұрап, өзі толықтырып отырды. Сабақтың соңында белсенді қатысқан оқушыларды мадақтап бағалады. Мұғалімнің өзін-өзі ұстауы, балалармен қарым-қатынасы өте жақсы. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып отырды. Мұғалім өз мақсатына жете алды.

Алтаева Айгерім 24-қаңтар күні 14¹⁰-14⁵⁵ уақыт аралығында 5 «Б» сыныбында «Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшектерді жай бөлшекке айналдыру» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабағы жүйелі жоспарланған. Үй тапсырмасын графикалық диктант арқылы интербелсенді тақтада тексеріп, бағалау үшін қағаздан жасалған монеталар таратты. Оқулықпен жеке жұмыс болды. Интербелсенді тақтада сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді. Сергіту сәтінде тақырыпқа байланысты бояуға арналған парақшалар таратылды, оқушылар есептердің шешімін тауып, жауаптарына сәйкес бояп шықты. Сабақ өз мақсатына жетті.

Апталықтың келесі күні 9⁴⁰-10²⁵ уақытында Алтаева Айгерім мен Тажиева Мақпалдың ұйымдастыруымен 10-сыныптар арасында «Математика ғылымдар патшасы» атты интеллектуалдық сайыс өтті. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Сайыс қызықты да тартысты

өтті. Тапсырмаларды оқушылар қызыға орындады. Сайыстың нәтижесінде 1-орынды синустар командасы,

2- орынды косинустар командасы қанжығасына байлады.

Апталықтың соңғы күні Нұрханов Ердәулет пен Таласбаев Мейірманның ұйымдастыруымен 7-сыныптар арасында «Математика және спорт» сайысы өтті. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. Сайыс барысында қызықты да тартысты тапсырмалар болды. Сайысқа қатысушылар спортпен қатар математика пәнінен білімділіктерімен де күш сынасты. Әр топ өз нәтижелеріне қарай жеңіске жетіп, жеңімпаз топтар сыйлықтармен және марапаттау қағаздарымен марапатталды.

Ұсыныс

1. Оқушылардың бақылау жұмыстарын алуда бағалау нормативін қатаң сақтап, оқушы білімін таза айқындап отыруға көңіл бөлінсе;
2. Олимпиадалық жұмыстарға оқушыны қабілетіне қарай тандап алып, жүйелі түрде жұмыс жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсе;

Бірлестік жетекшісі: Жуматаева Марина